

Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округінің "Мендеке" қыстағына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 08 шілдедегі № 4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 тамызда № 4109 болып тіркелді. Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылдық округі әкімінің 27.08.2022 № 15 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2015 жылғы 22 маусымдағы № 381 ұсынысы негізінде, Жетіарал ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тарбағатай ауданының Жетіарал ауылдық округінің "Мендеке" қыстағында мүйізді ірі қара малдарынан құтырық ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шарасы белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысына (Б.Қажыкенов) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жетіарал ауылдық округінің әкімі

С. Кажиекберов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық
бақылау және қадағалау Комитетінің
Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесі басшысы
"08" шілде 2015 жыл

Б. Қажыкенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК